

2

Жас офицерлер қызметтеріне кірісті



9

Өңірде егін ору науқаны қарқын алды



10

ХӘКІМ АБАЙҒА

ҚҰРМЕТ КӨРСЕТІЛДІ

15

Алтай аруы Абу-Дабиден алтын әкелді



4

Өскемендіктер әлеуметтік көмірмен қамтылады



#ТҰТЫНУШЫ ҚҰҚЫҒЫ

Сот 3,6 млн теңгеден астам қаражатты өндірді

Шығыс Қазақстан облысында Сауда және тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаменті жосықсыз қызмет көрсетушіден зардап шеккен тұтынушылар үшін келтірілген залалды және өсімақыны сот арқылы әділ өндіріп алуға қол жеткізді.

Өңір тұрғындары жеке кәсіпкермен дұрыс тамақтану рациондарын жеткізуге шарт жасасқан. Тұтынушылар қызмет ақысын толық төлеген. Алайда, кәсіпкер өзіне алған міндеттемелерді орындамаған. Тамақ жеткізу тоқтатылып, клиенттер аударған қаражат қайтарылмаған.

Мәселені кәсіпкермен тікелей шешу мүмкін емес екенін түсінген тұтынушылар мемлекеттік органға көмек сұрап жүгінді.

Азаматтардың бұқаралық өтініштерін алғаннан кейін «Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрілігі Тұтынушылардың құқықтарын қорғау және сауда департаменті» РММ тұтынушылардың құқықтарын қорғауға шықты.

«Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 11 және 13-баптарына сәйкес, тұтынушы тауардың (жұмыстың, қызметтің) тиісті сапасына, тауарды (жұмысты, қызметті) пайдаланудың, сақтаудың, тасымалдаудың және кәдеге жаратудың белгіленген шарттарында оның тұтынушының өмірі, денсаулығы және (немесе) мүлкі, қоршаған орта үшін қауіпсіз болуына құқылы.

Заңның 15-бабына сәйкес, тиісті емес сападағы қызметтер көрсетілген тұтынушы, егер оның кемшіліктері орындаушы тарапынан ескерілмеген болса, өз таңдауы бойынша шартты бұзуды және тауар үшін

төленген ақшалай соманы қайтаруды талап етуге құқылы.

Дауды талап қою тәртібімен реттеу нәтиже еш бермеді. Тұтынушылардың жеке кәсіпкерге жасаған өтініштері, сондай-ақ Департаменттің кәсіпкерлік субьектісіне жолдаған сотқа дейінгі шағым-талабы назар аударусыз және қанағаттандырусыз қалды.

Заңның 5-бабының 8-тармағына сәйкес, тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласындағы уәкілетті орган бірдей мәселе бойынша оннан астам тұтынушының құқықтары бұзылған жағдайда белгіленбеген тұтынушылар тобының құқықтарын қорғау мәселелері бойынша сотқа жүгінеді.

Осыған байланысты, Департамент өзінің заңнамалық құқығын пайдаланып, 21 тұтынушының құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау мақсатында Өскемен қаласының азаматтық істер жөніндегі ауданаралық сотына ұжымдық талап арыз жолдады.

2026 жылғы 16 шілдеде Өскемен қаласының азаматтық істер жөніндегі ауданаралық соты Департаменттің талап арыз талаптарын қанағаттандыру туралы шешім шығарды. Сот жеке кәсіпкерді зардап шеккен азаматтарға көрсетілмеген қызметтер үшін 3 055 138 теңге мөлшеріндегі негізгі материалдық залал сомасын, сондай-ақ талаптарды орындау мерзімін өткізіп алғаны үшін 611 028 теңге өсімақы төлеуге міндеттеді.

Осылайша, тұтынушыларға қайтарылуға жататын жалпы сома 3 666 166 теңгені құрады.

А.Троєглазов,
ШҚО бойынша сауда және тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаменті басшының орынбасары

ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУЛАР

18.09.2026 ж. сағат 11:30-де Шығыс Қазақстан облысы, Марқакөл ауданы, Ақбұлақ ауылы, Абай көшесі, 22 мекенжайында орналасқан Ақбұлақ ауылдық округі әкімдігі ғимаратында «ГРК МЛД» ЖШС-нің байыту фабрикасы мен қалдық сақтау қоймасы үшін әсер етуге экологиялық рұқсат алу материалдары бойынша («Қаршыға кен орнының кенін қайта өңдеу жөніндегі қуаттылығы жылына 350 000 т байыту фабрикасының қалдық сақтау орнын қайта жаңарту» жобасы шеңберінде) ашық жиналыс түрінде **қоғамдық тыңдаулар** өтеді.

Әсер ету аумағы: Шығыс Қазақстан облысы, Марқакөл ауданы, Ақбұлақ а/о, Ақбұлақ ауылы.

Учаскенің бұрыштық нүктелерінің координаттары:1) 48°30'7.41»С, 85°10'29.31»Ш; 2) 48°30'2.32»С, 85°10'36.12»Ш; 3)48°29'56.69»С, 85°10'50.72»Ш; 4)48°29'54.55»С, 85°10'45.39»Ш; 5)48°29'44.42»С, 85°10'33.03»Ш; 6)48°29'43.14»С, 85°10'30.09»Ш; 7)48°29'39.71»С, 85°10'29.55»Ш; 8)48°29'36.38»С, 85°10'23.91»Ш; 9)48°29'37.46»С, 85°10'23.06»Ш; 10)48°29'33.41»С, 85°10'14.27»Ш; 11)48°29'32.61»С, 85°10'11.10»Ш; 12)48°29'24.66»С, 85°10'10.66»Ш; 13)48°29'16.52»С, 85°10'3.62»Ш; 14)48°29'29.52»С, 85°9'43.46»Ш; 15)48°29'36.07»С, 85°10'7.18»Ш; 16)48°29'42.17»С, 85°10'13.17»Ш; 17)48°29'47.73»С, 85°10'3.64»Ш; 18) 48°29'48.70»С, 85°10'3.49»Ш; 19) 48°29'51.36»С, 85°9'59.31»Ш.

Қатысушыларды тіркеу 1 сағат бұрын, жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде жүргізіледі.

Тұрақты интернет байланысы болған жағдайда Zoom платформасы арқылы бейнеконференция (БКС) форматында қоғамдық тыңдауларға қосылуға болады. Төтенше жағдай немесе шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин енгізілген жағдайда, аталған қоғамдық тыңдаулар тек онлайн-форматта өткізілетін болады.

Конференцияға қатысу үшін төмендегі сілтеме арқылы өту қажет: <https://us04web.zoom.us/j/73886274533?pwd=wRCYQb0Vqy4GSrZkuiP4uBSzVdKYNR.1>.

Конференция сәйкестендіргіші: 738 8627 4533.

Құпиясөз: 12345.

Бастамашы: «ГРК МЛД» ЖШС (БСН 031040002757).

Шығыс Қазақстан облысы, Марқакөл ауданы, Ақбұлақ ауылдық округі, 071215, Ақбұлақ а., «ГРК МЛД» тау-кен байыту фабрикасы өнеркәсіптік аймағы, 1-ғимарат, телефон 8-7232-20-34-05, e-mail: info@grkmld.kz

Материалдарды әзірлеуші: «ЕСО-Д» ЖШС-і, Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қаласы, Тимирязев көшесі, 179, ТЕУ2, телефон 8-777-148-53-39. e-mail: eco-d@inbox.ru.

Жергілікті атқарушы орган: «Шығыс Қазақстан табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ-сі, Өскемен қаласы, Б. Керімбаев көшесі, 19, тел. 8(7232)25-70-82, d.babakanova@akimvko.gov.kz, <https://www.gov.kz/memleket/entities/vko-tabigat?lang=kk>

Жобалық құжаттама <https://ndbecology.gov.kz/> Қоршаған орта мен табиғи ресурстар мониторингінің бірыңғай мемлекеттік жүйесінде және ЖАО сайтының <https://www.gov.kz/memleket/entities/vko-tabigat?lang=kk> «Қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде орналастырылған.

Мүдделі жұртшылықтың ескертулері мен ұсыныстары қоғамдық тыңдаулар өтетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмей «Шығыс Қазақстан табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ-сінің d.babakanova@akimvko.gov.kz поштасына немесе ҚОТРМБМЖ қабылданады.

Қосымша ақпаратты eco-d@inbox.ru, aigul.kairgazina@srr.kzэлектронды пошталары және 8-777-148-53-39, 8-777-749-16-16 телефондары арқылы алуға болады.

13 тамыз 2026 жыл
№33 (18593)

ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУЛАР

Қазақстан Республикасы Көлік министрлігі Теміржол және су көлігі комитетінің «Қазақстан су жолдары» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының «Гидротехникалық құрылыстар» филиалы Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің талаптарына сәйкес ашық жиналыс түрінде **қоғамдық тыңдаулар** өткізілетіні туралы хабарлайды.

1. Жобалық құжаттаманың атауы: Қазақстан Республикасы Көлік министрлігі Теміржол және су көлігі комитетінің «Қазақстан су жолдары» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының «Гидротехникалық құрылыстар» филиалы үшін қоршаған ортаға әсер етуге экологиялық рұқсат алу материалдары.

2. Әсер ету аумағы: ҚР, ШҚО, Алтай ауданы, Серебрянск қаласы. Координаттары: т.1 - 49°53'53.05»С 82°42'47.29»В; т.2 – 49°53'52.00»С 82°42'45.53»В.

3. Қоғамдық тыңдаулар **2026 жылғы 17 қыркүйекте сағат 09:30-де** Өскемен қ., Шлюзная к., 14, Акт залында өтеді.

Онлайн тыңдаулар сілтеме бойынша ZOOM платформасында бейнеконференция арқылы өткізіледі: <https://us05web.zoom.us/j/83641836216?pwd=EASFc5h4jgiTuzF8MLjpOcSD4yAN8C.1>

Конференцияны сәйкестендіруші: 836 4183 6216.

Қолжетімдік коды: NBHV0W

4. Жоспарланған қызметтің бастамашысы: «Қазақстан су жолдары» РМҚК «Гидротехникалық құрылыстар» филиалы, БСН 161241022730. Мекенжайы: Шығыс Қазақстан облысы, Алтай ауданы, Серебрянск қаласы, 05-084-006 есептік орамы, № 4/1 ғимарат. E-mail: ekolog-gts@vkprp.kz

5. Әзірлеуші: «Лаборатория-Атмосфера» ЖШС, 070003, ҚР, ШҚО, Өскемен қ., Потанин к-сі, 35, н.п.66, тел. 8(7232)61-05-32, 76-60-62, e-mail uklab_ecolog@mail.ru.

6. Әсерге экологиялық рұқсат алу үшін материалдармен ОЖ жағдайы туралы Ұлттық деректер банкінің сайтында танысуға болады <https://ndbecology.gov.kz/>, сондай-ақ ШҚО Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының сайтында: <https://www.gov.kz/memleket/entities/vko-tabigat?lang=ru> танысуға болады.

7. Жоспарланған қызмет, қоғамдық тыңдау өткізу туралы қосымша ақпаратты, сондай-ақ жоспарланған қызметке қатысы бар құжаттардың көшірмелерін мына мекенжайлар бойынша алуға болады: «Қазақстан су жолдары» РМҚК «Гидротехникалық құрылыстар» филиалы, БСН 161241022730. Мекенжайы: Шығыс Қазақстан облысы, Алтай ауданы, Серебрянск қаласы, 05-084-006 есептік кварталы, № 4/1 үй. Электрондық пошта: ekolog-gts@vkprp.kz., «Лаборатория-Атмосфера» ЖШС, 070003, ҚР, ШҚО, Өскемен қ., Потанин к-сі, 35, н. п. 66, тел. 8(7232)61-05-32, 76-60-62, e-mail uklab_ecolog@mail.ru

8. Ескертулер мен ұсыныстар қоғамдық тыңдаулар өткізілгенге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмей мына мекенжайлар бойынша қабылданады: электрондық-d.babakanova@akimvko.gov.kz; пошталық мекенжайы Қазақстан Республикасы, ШҚО, Өскемен қаласы, К.Керімбаев көшесі, 19. Телефон 8(7232) 25-73-20.

ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУЛАР

«Бентон» ЖШС «Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай ауданында орналасқан Таған кен орнындағы бентонитті саздарды өндіру бойынша тау-кен жұмыстарының жоспарына» әзірленген «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі бойынша қоғамдық талқылау түрінде **қоғамдық тыңдаулардың** өткізілетіні туралы хабарлайды.

Қоғамдық талқылаулар 27.08.2026 ж. бастап 03.09.2026 ж. дейін қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы ұлттық деректер банкінің <https://ndbecology.gov.kz/> сайтында өтеді. Осы сайтта жобалық құжаттамамен де танысуға болады. Барлық ескертулер мен ұсыныстар 2026 жылғы 27 тамыздан бастап жобалық құжаттама жарияланғаннан кейін бес жұмыс күні ішінде қабылданады. Көрсетілген мерзім өткеннен кейін ескертулер мен ұсыныстар қабылданбайды.

Бастамашы: «Бентон» ЖШС (БСН 030740004924). Мекенжайы: Алматы қаласы, Медеу ауданы, Достық даңғылы, 48-үй, 21-пәтер, тел.: 8 702 776 63 33, e-mail: ofis.rabochiy@bk.ru

Жобалық құжаттаманы әзірлеуші: «ГЕО VOSTOK» ЖШС, БСН 211040015757. Мекенжайы: Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қаласы, Қазыбек би даңғылы, 18-25, тел.: 8 (778) 778-09-17, e-mail: baysu.too@mail.ru

Жергілікті атқарушы орган: «Шығыс Қазақстан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, тел.: 8 (7232) 25-70-82.

МҰРАГЕРЛЕР ІЗДЕСТІРІЛУДЕ

■ **Караев Арман Муратович** (туған жылы 29.11.1980) 28.07.2026 жылы қайтыс болғаннан кейін мұра ашылды. Мұрагерлер мен мүдделі тұлғалар хабарландыру жарияланған күннен бастап 28.01.2027 жылға дейін нотариус Н.Н.Нурсадықовқа ШҚО, Күршім ауданы, Күршім ауылы, Ибеганов көшесі, 16 үй мекенжайы бойынша жүгінуі тиіс. Тел: 8-701-594-25-99.

■ **Бухарбаев Кайсария Абишевич** (туған жылы 15.06.1936), 05.03.2026 жылы қайтыс болғаннан кейін мұра ашылды. Мұрагерлер мен мүдделі тұлғалар хабарландыру жарияланған күннен бастап 05.09.2026 жылға дейін нотариус Ж.Б.Нұрмұхамбетоваға ШҚО, Ұлан ауданы, Қ.Қайсенов кенті, З.Ахметов көшесі, №3 ғимарат мекенжайы бойынша жүгінуі тиіс.

■ ШҚО, Өскемен қаласы, Геологическая көшесі, №6/1 үй, №37 пәтер мекенжайында тұрған **Файзрахманов Серік Файзолдаұлы** 22.06.2026 жылы қайтыс болғаннан кейін мұра ашылды. Мұрагерлер мен мүдделі тұлғалар хабарландыру жарияланған күннен бастап нотариус Р.К.Нуралыноваға ШҚО, Өскемен қаласы, А.Чехов көшесі, №56 үй мекенжайы бойынша жүгінуі тиіс.